

## МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1. Магистратура мен докторантура туралы бұл ережелер ҚР «Білім беру туралы», «Ғылым туралы» заңдары мен мемлекеттік стандарттардың сәйкесінше 23 тамыз, 2006 жыл №1080 бұйрығымен Қазақстан республикасының министірлігі бекітті.

2. Бұл ережелер «Магистратурадағы білім беру процесін ұйымдастыру туралы ережелер», «Магистрлік дайындық туралы ережелермен» алмастырылады, ол ҚазҰУ-дың ғылыми-методикалық кеңесінің отырысында 09.06.2006 жылдан бастап №9 хаттамада нақтыланды. «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ph.D докторантурасының білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру туралы» ережелер университет ректорымен 05.09.2007 жылдан бастап №175 бұйрығымен бекітілген.

3. Ережелер әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің кредиттік жүйеде білім беруіне байланысты ЖОО кейінгі білім беруге магистрлар (ғылыми-педагогикалық және профильді магистратураның кәсіби білім беру бағдарламалары) мен докторлар (Ph.D докторантура мен профильді докторантураның кәсіби білім беру бағдарламалары) дайындауды жүзеге асыруды міндеттейді.

4. Ережелер ЖОО кейінгі білімді мамандарды даярлайтын барлық бөлімдерге (факультеттерге, кафедраларға, қаржы мен білім бөлімдеріне және т.б.) міндеттеледі.

5. Кәсіби білім беру бағдарламасының ЖОО кейінгі білімін жетілдірудегі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім беру саясатының басты міндеті – жоғары квалификациялы мамандарды – магистрлер мен докторларды даярлау, тереңдетілген кәсіби дайындық жүргізу, отандық және халықаралық еңбек рыногында бақталастыққа қабілетті мамандар әзірлеу, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен білім беру процесінің, пәнаралық және компетенттік жағдайлар принциптерінің негізінде білім берудің кредиттік технологиясын жүзеге асыру.

6. ЖОО кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларымен қамтамасыз етуде факультеттің бітіртуші кафедрасы басты ұйымдастырушы болып табылады. Магистратура мен докторантураның білім алу процесінің координациясы мен бақылауын жүргізуді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО кейінгі білім беру Институты жүзеге асырады.

7. ЖОО кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыру бітіртуші кафедралардың ғылыми зерттеу тапсырмаларымен іске асады.

8. Магистратура мен докторантураға қабылдау белгілі ережелерге сай жүргізіледі, олар ЖОО кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын іске асырады.

9. Магистрлерді, философия докторларын (Ph.D.) және мамандыққа байланысты докторларды дайындау мемлекеттік білім беру тапсырысына байланысты жүзеге асады, магистрларды дайындау сондай-ақ ақылы түрде де орындала береді.

### 2. Магистратура мен докторантураның кәсіби оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны

10. ЖОО кейінгі кәсіби білім беру жүйесінде білім беру процесін жүзеге асыру жоғары квалификациялы мамандарды дайындайтын халықаралық іс-тәжірибе принциптері негізінде жүзеге асырылады. Магистратура мен докторантураның кәсіби оқу бағдарламалары (білім беру бағдарламалары) шетелдің алдыңғы қатарлы ЖОО магистрлары мен докторларының кредиттелген бағдарламаларына сай болуы тиіс.

11. ЖОО кейінгі кәсіби білім беру бағдарламалары бітіртуші кафедралармен өңделеді, олар белгілі бір нақты бағытта дайындалады, ол ЖОО кейінгі білім беру мамандықтарының мемлекеттік жалпыға бірдей міндеттелген стандарттар негізінде немесе зерттеу оқыту

бағдарламаларымен жүзеге асырылады, оны ҚР ғылым және білім Министрлігі белгілі тәртіппен бекітеді және университет ректорымен бекітіледі.

12. ЖОО кейінгі кәсіби оқу бағдарламалары екі бағытта жүргізіледі: ғылыми-педагогикалық және профильді.

Ғылыми-педагогикалық кәсіби оқу бағдарламасының мақсаты (ғылыми-педагогикалық магистратура бағдарламасы, Ph.D докторантура) мамандарды ғылыми-педагогикалық қызметте жоғары, жоо кейінгі білім беру және ғылыми-зерттеу секторы үшін білім беру, методологиялық және зерттеу бағытында даярлау.

Профильді кәсіби оқу бағдарламалары (профильді магистратура бағдарламалары, профильді докторантура) қосымша мәнге ие және академиялық емес сектордың қажеттіліктерін өтеуге бағытталған, ол экономика, медицина, құқық, өнер, қызмет көрсету мен бизнес салаларының зерттеу-тәжірибе жұмыстарына арналған фундаментальды білім беру, методологиялық және зерттеу дайындықтарын жүргізе алады.

13. ЖОО кейінгі кәсіби оқу бағдарламалары әр түрлі оқу және ғылыми/зерттеу компоненттерінен тұрады. Олар білім мазмұнын анықтайтын, оның ара қатынасын, мөлшері мен есебін көрсететін әр түрлі жұмыстармен қалыптасады. Білім алушылардың оқу және ғылыми жұмыстары меңгерілген мәліметтрі магистрант немесе доктордың жауапты кафедрасы жауапты болады.

14. Жауапты кафедра білім алушыға мынадай жағдай жасауға міндетті:

- білім алушының мамандығына байланысты шет елдік ғалымдармен кездестіру ұйымдастыру;

- ғылыми-зерттеу/тәжірибе-зерттеу жұмыстарын жүргізуге келісім (договор) орнатуы қажет;

- Аккредитациядан өткен шет елдік ЖОО-мен келісім шартқа отырып, докторларды білім тәжірибесін алмастыруға жіберуді қамтамасыз ету;

- Практика өту туралы мекемемен келісім шарт жүргізу және шет елде тәжірибеден өтуді қамтамасыз ету;

15. Кәсіби оқыту бағдарламасының құрылымына ғылыми/зерттеп оқыту кіреді. Әртүрлі жұмыстардың құрылымын анықтау, олардың қарым-қанынас арасындағы көрінісі, өзгеру мен есептеуде қалыптасады.

16. Кәсіби оқу бағдарламаларының қолданбалы білім берудегі міндеттері:

- теориялық білім алу курсы;

- бағдарламаға ғылыми зерттеу/экспериментальды зерттеу жұмыстары мен диссертация жазу;

- практика (педагогикалық, зерттеу, өндірістік);

- аралық және қорытынды аттестация.

17. Білім алушының ЖОО-да білім алған соң, негізгі модкльді дамыту кәсіби оқыту бағдарламасына енеді. Кәсіби оқыту бағдарламасының құрамына методикалық (әдістемелік) оқу бағдарламасын қамтамасыз етеді. оның құрамына келесі шарттар енеді:

- кәсіби оқыту бағдарламасында айрықшалану;

- ағымдағы оқу жоспарының бағдарламасындағы кәсіби оқыту;

- кәсіби оқыту бағдарламасындағы электрондық каталогтың модулі;

- оқу-әдістемесіндегі кешенді (комплексное) мамандықтар мен пәндер.

18. Мамандықтар бойынша ЖОО кейінгі білім берудің спецификациясы мен оқу жоспары университеттің Ғылыми кеңісінің шешімі негізінде ректор арқылы (оқу жұмыстары жөніндегі проректор арқылы) бекітіледі.

19. ЖОО кейінгі кәсіби оқу бағдарламасының ғылыми компоненті ғылыми-зерттеу жұмыстарымен (ғылыми-педагогикалық бағыттағы оқу бағдарламалары үшін) немесе тәжірибе-зерттеу жұмыстарымен (профильді оқу бағдарламалары үшін) нақтыланады, ғылыми/методикалық публикацияны дайындау және магистрдің академиялық деңгейін анықтаудағы диссертацияны орындау, философия докторының (Ph.D.) ғылыми деңгейі немесе профиль бойынша доктор дайындау.

20. Магистранттар мен докторанттардың диссертациялық зерттеулерінің тақырыптары мен ғылыми жетекшілері/ғылыми кеңесшілері факультеттің Ғылыми кеңесімен қарастырылады және оқудың алғашқы екі айында ректордың бұйрығымен бекітіледі. Бітіртуші кафедра сол диссертациялық зерттеулердің жалпы қасиеттерін анықтап, жыл сайын оны жаңартып отырады.

21. Магистратура/докторантурада білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары:

- Қорғалатын диссертациялық жұмыс мамандықтың негізгі мәселесіне сай болуы керек, маңызды болуы керек, ғылыми және практикалық мағынасы болуы керек.

- қазіргі ғылымның теориялық, методикалық және технологиялық жетістіктеріне және іс-тәжірибеге негізделуі керек және теориялық немесе практикалық мәселелерді шешуде жаңа теориялық мағынасы болуы керек.

- өңдеудің қазіргі әдісіне және компьютерлік технологияларды қолданудағы мәліметтердің интерпретациясына негізделуі керек;

- ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдануды жүзеге асыруы керек;

- қорғауға алынған диссертацияның ғылыми-зерттеу (методикалық, практикалық) бөлімдері болуы керек.

22. Магистратура/докторантурада білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары:

- Қорғалатын диссертациялық жұмыс мамандықтың негізгі мәселесіне сай болуы керек, маңызды болуы керек, ғылыми және практикалық мағынасы болуы керек.

- ғылымның, техниканың және өндірістің қазіргі жетістіктеріне негізделген болуы керек және нақты практикалық кеңестерден тұруы керек, бекітілген тапсырмаларды өз бетінше шешу, оның ішінде кешенді, функция аралық мәні болуы керек;

- берілетін ақпараттық технологияларды қолдануды жүзеге асыру керек;

- қорғалатын диссертацияның негізгі ережелеріне сәйкес тәжірибе-зерттеу бөлімдері (методикалық, практикалық) болуы керек.

23. ЖОО-дан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеу жұмыстарының қорытындысы ғылыми басылымдарда жариялануы керек, сонымен қатар ғылыми конференцияларда қорғалуы керек. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының (ғылыми-педагогикалық бағыттағы оқу бағдарламалары үшін) немесе тәжірибе-зерттеу жұмыстарының (профильді оқу бағдарламалары үшін) қорытындысы ғылыми/методикалық публикацияны дайындау және магистрдің академиялық деңгейін анықтаудағы диссертацияны орындау, философия докторының (Ph.D.) ғылыми деңгейі немесе профиль бойынша доктор дайындау болып табылады.

24. Магистрдің академиялық деңгейін анықтаудағы диссертацияны орындау, философия докторының (Ph.D.) ғылыми деңгейі немесе профиль бойынша доктор дайындау (магистрлік/докторлық диссертация) – квалификациялы бітіруші жұмыс, ол жаңа ғылыми қорытындылардан тұратын өзінше ғылыми зерттеуді қажет ететін жұмыс. Магистрлік және докторлық диссертацияның құрылымы мен мазмұнына қатысты міндеттер белгілі нормативті құжаттармен бекітіледі.

25. ЖОО кейінгі кәсіби оқу бағдарламасының білімгерлеріне арналған іс-тәжірибе ғылыми-зерттеу, педагогикалық және кәсіби біліктілікті қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

26. ЖОО кейінгі кәсіби оқу бағдарламасының білімгерлерінің аралық және қорытынды аттестациялары білімгерлердің оқытылатын бағдарламалардың оқу және ғылыми компоненттерін меңгеру деңгейін анықтау, қажетті білім, білгірлік пен компетенцияны нақтылау және көлеміне баға беру мақсатында өткізіледі.

27. ЖОО кейінгі кәсіби оқу бағдарламасымен білім алушылардың білім деңгейін аралық аттестация аясында бағалау бақылаудың және аттестацияның әр түрлі формасын қолдану арқылы жүзеге асырылады, ол ағымдағы бақылау үлгерімді, аралық және қорытынды аттестация жоо білімгерлердің деңгейін анықтайды.

28. Магистратура мен докторантурада кәсіби оқу бағдарламаларымен білім алушылардың қорытынды аттестациялары академиялық күнтізбемен және оқу жоспарымен бекітілген мерзімде кешенді емтихан түрінде және диплом қорғау арқылы өткізіледі.

29. Мамандық бойынша кешенді емтихан тапсыру – білімгердің оқу дәрежесін анықтаудың мемлекеттік бақылау формасы, ол білімгерлердің алған білімін, мамндық бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сай немесе сай емес екенін анықтайды.

30. Магистрлік және докторлық диссертацияны қорғау – мемлекеттік бақылау формасы, магистранттар мен докторанттардың квалификациялы бітіру жұмыстары. Диссертациялық жұмыс терең білімнің нәтижесі, теориялық ойлаудың қалыптасқан дәрежесі, жиналған ақпараттың көрінісі болып табылады. Ізденушінің зерттеу жұмысы белгілі сынақтардан өту арқылы бағаланады: ғылыми эрудиция, кәсібилік, ғылыми жұмыстың теориялық және қосымша мағынасы.

31. Магистрлердің дайындығы бойынша оқу барысының аяқталуының басты критерилері магистранттардың меңгеруі болып табылады:

- Ғылыми және педагогикалық дайындық негізінде – 48 кредиттен төмен болмауы керек, оның кем дегенде 30 кредиті теориялық білім, 5 кредиті практика, 7 кредиті ғылыми-зерттеу жұмысы болуы керек;

- Профильді дайындық негізінде – 26 кредиттен (1 жылдық оқу мерзімі) және 38 кредиттен (1,5 жылдық оқу мерзімі) төмен болмауы керек, оның сәйкесінше 18 не 28 кредиті теориялық білім, 2 не 3 кредиті практика, 2 не 3 кредиті тәжірибе-зерттеу жұмысы болуы керек;

32. Философия докторы (PhD) немесе профиль бойынша доктор даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының басты критерилері кем дегенде 60 кредитті меңгеруі болып табылады, оның кем дегенде 30 кредиті теориялық білім, сондай-ақ 6 кредиті практика болуы керек.

33. Магистратураның кәсіби оқу бағдарламасын меңгерудің нормативті ұзақтығы 1-1,5 жылды құрайды, дайындықтың ғылыми-педагогикалық бағыты – 2 жыл. Докторантураның кәсіби оқу бағдарламасын меңгерудің нормативті ұзақтығы – 3 жыл. Магистрдің, философия докторы (PhD) немесе профиль бойынша докторың академиялық кезеңге өтуі кезінде, және білім алу бағдарламасының оқу мен ғылыми компоненттерін тез меңгерген жағдайда, мамандық бойынша кешенді емтиханды сәтті тапсырған жағдайда және магистрдің академиялық деңгейде немесе докторанттың ғылыми деңгейде ізденуі нәтижесінде диссертация қорғаған жағдайда уақытынан бұрын бітіруіне болады.

### **3. Магистратура мен докторантурадағы білім беру үдерісін ұйымдастыру**

#### **3.1. Кәсіби оқу бағдарламаларының оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі.**

34. Магистратура мен докторантурадағы білім беру процесінің ұйымы мамандықтардың мемлекеттік стандартына сай болуы керек және ЖОО кейінгі кәсіби оқу бағдарламасын үйренушілердің толық меңгеруіне жоғары деңгейде жағдай жасалуы керек.

35. Оқу жылы 2 оқу семестрінен және 1 жаздық семестрден тұрады.

34. Магистрант пен докторанттың орташа апталық күші 57 сағаттан аспауы керек, сонымен бірге аудиториялық сабақтың бір сағаты профильді магистратураның 3 сағаттық өздік жұмысымен қатар жүреді, 4 сағаты ғылыми және педагогикалық магистратураға, 7 сағаты – докторантураға арналады.

36. ЖОО кейінгі білім алуда сабақтар шығармашылық формада (кейс-стади, іскер ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, семинарлар және т.б.) әр түрлі заманауи технологияларды қолдану арқылы өткізілуі тиіс.

37. Факультет пен бітіртуші кафедра жоо кейінгі білім беру процесінің әдістемелік қамтамасыз етілуіне жауапты. Бітіртуші кафедраның әрбір мамандығындағы магистратура мен докторантура үшін мыналар жасалуда:

- кәсіби оқу бағдарламасының элективті пәндер (модульдер) каталогы;
- оқу-әдістемелік кешендер, сонымен бірге оқу құралдары мен силлабустар;
- әрбір пәннің (модульдің) аудиториялық жұмысына арналған мәліметтер: дәріс мәтіндері, бөліктерге бөлінген семинар және лабораториялық жұмыстардың жоспары, олар ағымдағы аттестацияның апталары мен қабылдау кестесін, бақылау түрін көрсетеді;
- магистранттар мен докторанттардың өзіндік жұмыстарына арналған мәліметтер: тесттер, тапсырмалар, әрбір пән (модуль) бойынша өздік бақылау тапсырмалары, СРМ, СРМП, СРД, СРДП тақырыптары бойынша қосымша әдебиеттер, оқуға және ғылыми сұрақтарға қатысты жеке кеңес беру кестесі;
- біліктілікті бақылауға арналған мәліметтер: жазбаша бақылау жұмыстары мен тесттер, емтихан билеттері, іскер ойындар кестесі, тренингтер, дискуссияның тақырыптық сұрақтары, дөңгелек үстелдер, СРМ, СРМП, СРД және СРДП қабылдау кестесі;
- практика өткізуге арналған мәліметтер: жоспарлар мен практика бағдарламалары, есеп беру құжаттарының формасы;
- ғылыми-зерттеу/тәжірибе-зерттеу жұмыстарының өтуіне арналған мәліметтер (бағдарламалар, ғылыми семинарлардың жұмыс кестесі және т.б.);

38. Факультет пен бітіртуші кафедра ЖОО-дан кейінгі білім беру процесінде жоғары квалификациялы мұғалімдер мен ғалымдардың назарын аударуда, сондай-ақ магистрлер мен докторларды дайындау бағытында жоғары сапалы мамандармен қамтамасыз ету мақсатында алдыңғы қатарлы ғылыми, ғылыми-білім беру, өндірістік және ғылыми-өндірістік орталықтармен қарым-қатынас орнатпақ. Бітіртуші кафедра магистратура мен докторантураның кәсіби оқу бағдарламасын практика бағдарламасымен қамтамасыз етеді және білімгерлердің академиялық мобильділік бағдарламасын жүзеге асыруға жағдай жасайды.

39. ЖОО кейінгі білім алушылар анықтама-жолсерікпен қамтамасыз етіледі, онда жоо кейінгі білім алушылар аясындағы университеттің академиялық саясаты, білім алушының құқығы мен міндеттері, үлгерім бағаларының методикасы, қорытынды мемлекеттік аттестацияға деген талаптар көрініс табады.

### **3.2. Магистранттар мен докторанттарға ғылыми жетекші/ғылыми кеңесші тағайындау.**

40. ЖОО кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын меңгеру ғылыми жетекші/ғылыми кеңесшілердің басшылығымен жүзеге асады, онымен қоса жұмыс жоспарымен же жүзеге асады.

41. Магистратурада (магистрант) білім алушының ғылыми жетекшісі докторлық дәрежеге, ғылым кандидаты немесе профиль бойынша PhD доктор дәрежелеріне ие болуы тиіс, осы саладағы ғылыми зерттеулермен белсенді айналысып, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кем дегенде 3 жыл болуы керек, отандық және шетел басылымдарында, халықаралық конференция еңбектерінде, мамандық бойынша дайындық оқу құралдарында еңбектері жариялануы керек.

42. Докторантурада (докторант) білім алушының ғылыми жетекшісі кем дегенде 2 адамнан құрылған арнайы кеңесші комиссиядан тұрады (отандық және шетел ғылыми кеңесшілері), олар «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD-докторанттарының отандық кеңесшілерге квалификациялық талаптары» Регламентіне сай келуі керек. Отандық ғылыми кеңесші әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тұрақты қызметкері болуы тиіс, шетелдік – алдыңғы қатарлы ғалым, шетел жоо-ның және ғылыми орталықтың тұрақты қызметкері болуы керек.

43. Білімгерлерге қажет болған жағдайда ғылымның басқа саласынан да кеңесші тағайындала береді.

44. Білімгердің ғылыми жетекшісінің/ғылыми кеңесшісінің соңғы бес жылда шетел және отандық ғылыми баспаларда кем дегенде 3 ғылыми мақаласы жарық көруі керек.

45. Магистратура/докторантурада білім алушыларың ғылыми жетекшісі/ғылыми кеңесшісі магистрант/докторанттың жеке оқу жұмысын жасауға және нақтылауға қатысады, олардың оқу және ғылыми-зерттеу/тәжірибе-зерттеу жұмыстарына бағыт береді және жеке оқу жұмысында көрсетілген барлық жұмысының сапалы болуына жауап береді.

46. Магистрант/докторанттардың ғылыми жетекші/кеңесшілері университет ректорының бұйрығымен факультеттің ғылыми кеңесінің шешімі негізінде оқудың алғашқы екі айында бекітіледі.

47. Ғылымның әр түрлі саласынан кеңесші тағайындау магистратура/докторантура бағдарламасымен білім алу барысында оқудың кез келген кезеңінде жүзеге аса береді.

48. Факультеттің ғылыми кеңесінің қарастыруымен білімгерлердің ғылыми жетекші/кеңесшісінің заманауи түсініктегі кандидатурасын ұсынуға бітіруші кафедраның меңгерушісі жауапты, магистранттар мен докторанттар олармен дайындықтан өтеді.

49. Магистрант/докторанттардың ғылыми жетекші/кеңесшілерін ауыстыру, ғылымның басқа саласынан кеңесші тағайындау және т.б. бітіруші кафедрада факультеттің ғылыми кеңесі арқылы шешіледі.

50. Докторанттың кеңесші комиссиясының құрамындағы ғылыми кеңесшілер докторанттың академиялық дайындығына жылына кем дегенде бір рет баға береді, керек болса оның жеке жұмыс жоспарына өзгертулер енгізеді және бітіртуші кафедраға, факультет деканатына, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жоо кейінгі білім беру Институтына ақпарат беріп отырады.

51. Магистрант/докторанттардың ғылыми жетекші/кеңесшілері факультеттің ғылыми кеңесінің жиналысында білімгерлердің оқу бағдарламаларын меңгеруі жайында жыл сайын есеп береді.

### **3.3. Магистранттар мен докторанттардың жеке жұмыс жоспарын бекіту**

52. Магистратура/докторантура кәсіби оқу бағдарламаларын үйренушілер оқудың алғашқы 3 айында жеке жұмыс жоспарын дайындайды және нақталайды, ол мына бөлімдерден тұрады:

- жеке оқу жоспары;
- жеке ғылыми-зерттеу/тәжірибе-зерттеу жұмыстарының жоспары;
- іс-тәжірибеден өту жоспары;
- диссертация тақырыбының негіздемесі мен құрылымы;
- диссертацияны орындау жоспары;
- ғылыми жариялымдар мен өтілдер жоспары (докторанттар үшін – әлемнің танымал ғылыми орталықтарында және алыс шетел жоо-да).

53. Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) негізінен білім беру бағдарламаларының оқу компоненттерін меңгеру үшін керек. Жеке оқу жоспарында магистрант/докторанттың жеке оқу траекториясын айқындауға болады. Керек болған жағдайда ЖОЖ жыл сайын нақтылана түседі.

54. Білімгердің жеке ғылыми-зерттеу/тәжірибе-зерттеу жұмыстарының жоспары (ЖҒЗЖЖ/ЖТЗЖЖ) магистрант/докторанттың білім беру бағдарламасын меңгеретін барлық кезеңді қамтиды. Жеке ғылыми-зерттеу/тәжірибе-зерттеу жұмыстарының жоспарында диссертациялық зерттеудің тақырыбы, зерттеу бағыты, есеп беру уақыты мен формасы көрсетіледі. Докторантура білімгерінің жеке ғылыми-зерттеу/тәжірибе-зерттеу жұмыстарының жоспары докторанттың барлық кеңесші комиссия мүшелерімен нақтылануы тиіс. Керек болған жағдайда ЖҒЗЖЖ/ЖТЗЖЖ жыл сайын нақтылана түседі.

55. Білімгердің іс-тәжірибеден өту жоспары іс-тәжірибе бағдарламасынан, іс-тәжірибе базасының сипаттамасынан, өтетін уақыты мен есеп беру формасынан тұруы керек.

56. Білімгердің ғылыми жариялымдар жоспары жариялымдар тақырыбынан, жұмыс жарияланатын ғылыми баспаның атауынан, жариялыммен жұмыс жасауға кеткен уақыттан тұруы керек. Білімгердің ғылыми өтілдер жоспары өтіл бағдарламасының мақсаты мен

міндеттерінен, өтіл базасының сипаттамасынан, өтіл уақыты мен есеп беру формасынан тұруы керек.

57. Білімгердің магистратура/докторантурада білім алу бағдарламасының жеке жұмыс жоспары факультеттің ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі. Магистратурада білім алушының академиялық мониторингін ұйымдастыру мақсатында магистранттың жеке жұмыс жоспарының бір көшірмесі ғылыми жетекшіде, бір көшірмесі бітіртуші кафедрада сақталуы керек. Докторантурада білім алушының ЖЖЖ оның барлық кеңесші комиссияларына беріледі, сонымен бірге бітіртуші кафедрада және докторанттың жоо кейінгі білім беру Институтындағы жеке құжаттарында сақталды.

58. Білімгердің ЖОЖ-на кіретін жоғарғы кредит саны ағымдағы семестр мен оқу жылына сәйкес келеді. Дайындық түрі келісімшарт негізінде жүретін білімгер өзінің ЖОЖ-ындағы пәндер санын азайтып алуына болады, ол оқу жоспары бағдарламасында қарастырылған, сонымен бірге оқу бағдарламасын меңгеру өсе түседі.

59. Жеке оқу жоспарын білімгер мен оның ғылыми жетекшісі/көмекшісімен келісу арқылы жасалады. ЖОЖ бекіту тіркеу регистрациясы (офис регистрация) және факультет деканының бекітуі арқылы жүзеге асады. Бұл құжаттың үш данасын жасайды да, бір данасын білімгер өзіне алып қалып, қалған екеуін офис регистратор мен факультет деканына тапсырады. ЖОЖ тіркелгеннен кейін 4 апта ішінде офис регистратор мен факультет деканына өткізуге міндетті.

60. Ағымдағы оқу жоспарының талабына сай, білімге өзінің ЖОЖ-сын оқу бағдарламасы толықтай енуіне және оқылатын курсқа лайықты болуына жауапты.

61. Білімгерлер білім беру бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес және өзінің ғылыми жетекші/кеңесшісінің келісімімен ЖОЖ-ын келесі семестр басталғанша өзгертуге құқылы.

62. Білімгерлер оқу пәндерін жазғы семестрде де меңгере алады, оның ұзақтығы 6 апта, ол пән бойынша қанағаттанарлықсыз бағаны жөндеу, академиялық демалыс кезінде оқылмаған пәндердің орнын толықтыру несеме басқа жоо-нан ауысқан кезде, немесе өзінің жеке оқу жоспарына өзгерту енгізу кезінде сабақтарын дұрыстау мақсатында жүргізіледі. Білімгер жазғы семестрдің талап етілген кредиттерін меңгеру үшін кем дегенде екі пәнге тіркелуі керек және жазғы семестрдің басталуына 3 күн қалғанша үлгеруі керек. Жазғы семестрде оқу тек қана ақылы түрде жүзеге асады.

63. Жоғары академиялық рейтингтегі (В+ және одан жоғары) білімгерлер келісімшарт негізінде басқа пәндерді қосымша оқуға құқылы. Бір академиялық кезеңде меңгеретін кредит санын факультет ғылыми кеңесі шешеді, ол әрбір оқу бағдарламасына жеке-жеке дайындалады.

63. Отандық және шетелдік білім және ғылым ұйымдарында теориялық оқу кредиттерін меңгерген магистратура/докторантура білімгерлеріне пән бойынша кредиттер аударылуы мүмкін, ол университеттің білім беру бағдарламасының оқу жоспарымен бекітілген. Әрбір нақты жағдайдағы кредиттердің эквиваленттілігі туралы сұрақтар бітіртуші кафедра мен факультет деканатында қаралады, мұнда білімгерлер пәндер бойынша қорытынды бағалар мен жиналған кредиттер саны көрсетілген транскриптті таныстырады.

64. Білімгерлердің жеке жұмыс жоспарының нақтылануына олардың ғылыми жетекші/ғылыми кеңесшілері мен бітіртуші кафедраның меңгерушісі жауапты.

### **3.4. Магистратура мен докторантурадағы оқу үдерісін ұйымдастыру**

65. Магистратура мен докторантураның кәсіби оқу бағдарламасын меңгеру тек күндізгі бөлімде ғана жүзеге асады. Магистратура/докторантураның оқу жылы академиялық кезеңнен (семестрден) тұрады, оқу кезеңі теориялық білім алу мен ғылыми-зерттеу (тәжірибе-зерттеу) жұмыстары, бағылау кезеңі – аралық бағылау/қорытынды бағылау кезеңі, қорытынды аттестация және практика мен демалыс кезеңдерін қамтиды. Бір академиялық кезеңнің ұзақтығы 15 аптадан тұрады. Академиялық және қорытынды кезеңдерді, практика мен демалыс кезеңдерін, сондай-ақ оқу жылы аясында өткізілген іс-шаралар кезеңін

ұйымдастыру магистратура мен докторантураның академиялық күнтізбесінде көрсетіледі. Аралық аттестация/қорытынды бақылаудың ұзақтығы 2 аптадан кем болмауы керек. Оқу жылындағы демалыс ұзақтығы 7 аптадан кем болмауы керек.

66.Магистратура/докторантураның академиялық күнтізбесі университеттің ЖОО кейінгі білім беру Институты өндіреді, оқу жұмысы жөніндегі проректор бекітеді және жаңа оқу жылының басталуына 1 ай қалғанға дейін білімгердің оқу бағдарламасы турады ақпарат Тіркеу офісі қызметкерлеріне жіберіледі.

67.Магистратура/докторантураның оқу бағдарламасын меңгеру білімгердің аудиториялық (тығыз қарым-қатынаста) және аудиториядан тыс (өз бетінше) білім алуы арқылы жүзеге асады. Теориялық оқудың әрбір аудиториялық жұмысы магистратурада профильді білім алушының 3 сағаттық өздік жұмысымен, магистратурада ғылыми-педагогикалық білім алушының 4 сағаттық өздік жұмысымен және Ph.D докторантурада және профильді докторантурада білім алушының 6 сағаттық өздік жұмысымен қатар жүреді.

68.Магистратура/докторантурада білім алушылардың аудиториялық жұмысының өтетін және жалғасатын орнын академиялық және бақылау кезеңдерінде, сондай-ақ іс-тәжірибе кезеңінде оқу ісі жөніндегі проректоры күн тәртібі арқылы бекітеді. Сабақтың, педагогикалық әс-тәжірибенің, аралық және қорытынды бақылау аттестациясының кестесін Тіркеу офісі қызметкерлері жүзеге асырады, олар жоо кейінгі білім беру Институтында кесте құрастыруға жауапты, сондай-ақ білімгерлер мен магистратура/докторантураның білім беру бағдарламасының профессорлық-оқытушылық құрамын келесі кезеңнің басталуына кем дегенде 2 апта қалғанша ақпаратпен қамтамасыз етуі керек. Кестенің нақтылануына деканның оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жауапты.

69.Білімгерлердің аудиториялық жұмысын модульді түрде ұйымдастыру теориялық пәндерді оқыту аясында жүзеге асады, сондай-ақ технологиялық кешенді оқытудың көмегімен пәндерді меңгеруді ұйымдастыру пәндерді оқудың қорытынды принциптерін сақтаған жағдайда орындалады (пререквизиттер мен постреквизиттер).

70.Өзіндік жұмыспен байланысты магистратура/докторантураның білім беру бағдарламасының ППС педагогикалық күші білімгердің барлық өзіндік жұмысының жалпы сағатының кем дегенде 25-30 пайызын құрауы тиіс. Өзіндік жұмысты орындау бойынша кеңес беру сағаттары жеке кестемен нақтыланады.

71.Магистратура/докторантура білімгерлері Интернет желісіндегі ҚазҰУ-дың веб-сайтында онлайн тіркеуден өткеннен кейін ғана теориялық оқу курсы бойынша сабаққа қатыса алады.

72.1-семестрдің пәндеріне тіркелу үшін мына негіздемелер орындалуы керек:

- білімгерлер тізіміне қосылу туралы бұйрық;
- семестр үшін ақы төлеу (ақылы оқыған жағдайда).

Келесі семестр пәндеріне тіркелу үшін, сонымен бірге пәндерді қайта оқу үшін мына негіздемелер орындалуы тиіс:

- талап етілген пән-пререквизитін меңгеру;
- семестр үшін ақы төлеу (ақылы оқыған жағдайда).

Тіркеуден өту мерзімі академиялық күнтізбеде көрсетілген. Пәнді қайталап оқу тек ақылы түрде жүзеге асады.

73.Білімгердің сабаққа қатысу тізіміне тіркелуіне эдвайзерлер мен тіркеу регистраторы қызметкерлері жауапты. Білімгерлерің пәндерге тіркелуі ағымдағы академиялық кезеңнің сабақ кестесін құрастыруға негіз болады.

74.Магистратура/докторантурада 1-ші жылы оқып жатқан білімгерлердің 1-семестрде сабаққа қатысуын тіркеу магистрлік және докторлық бағдарлама эдвайзерлерінің көмегімен жүзеге асады.

75.Магистратура/докторантурада оқып жатқан білімгерлердің екінші немесе жалғасатын семестрде сабаққа қатысуын тіркеу жеке оқу жоспары негізінде жүзеге асады.



### **3.5. Магистратура мен докторантурада білім алушылардың ғылыми-зерттеу/тәжірибе-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру**

76. Магистратура мен докторантурада білім алушылардың ғылыми-зерттеу/тәжірибе-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды жоғары квалификациялы ғылыми-педагогикалық кадрлармен, лабораторлық-зерттеу және ғылыми-әдістемелік базалармен қамтамасыз етілген бітіртуші кафедралар жүзеге асырады. Пәнаралық мәнге ие білім алушылардың ғылыми-зерттеу/тәжірибе-зерттеу жұмыстары екі немесе одан да көп факультет немесе кафедрада жүзеге асуы мүмкін.

77. Магистрант/докторанттардың дайындығын жүзеге асырушы бітіртуші кафедралар шетелдің бетке ұсар кредиттелген мекемелерімен, ғылыми орталықтарымен, халықаралық кәсіби ассоциация мен ұйымдармен ғылыми-білім беру қарым-қатынаста болуы тиіс, ол ғылыми-зерттеу және зерттеу-тәжірибе қызметі үшін жоғары квалификациялы мамандардың шетелдік дайындықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

78. Магистратура мен докторантурада білім алушылардың ғылыми-зерттеу/тәжірибе-зерттеу жұмыстары жеке жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асады. Бітіртуші кафедра магистранттар мен докторанттардың диссертациялық зерттеу тақырыптарының сәйкестігін қамтамасыз етуі керек және докторанттардың кафедра мен факультеттің ғылыми-зерттеу бағытындағы диссертациялық зерттеулерін қамтамасыз етуі керек және ЖОО кейінгі кәсіби оқу бағдарламасымен білім алушылардың ғылыми жобаларға және университет НИИ назарын аударту керек.

79. Магистрант/докторанттардың ғылыми жетекшісі/кеңесшісі білімгердің зерттеу жұмысының өтуіне барлық жағдайды жасауы тиіс (қажетті қайнар көздер мен ресурстарға жол ашу; көмектесу және зерттеу жұмысын орындау барысында кеңес беру; оқып жатқан мәліметтер туралы айту; қажетті жағдайда білімгердің зерттеу жұмысын жүргізуді басқа ғылым және білім ұйымдарында өткізу, оның ішінде танымал әлемдік шетел орталықтары да бар; зерттеу қорытындысын жариялымға дайындауға көмектесу; білімгердің оқу бағдарламасын меңгеруінде туындаған басқа да қиындықтарды шешу).

80. Магистранттың ғылыми жетекшісі/докторанттың ғылыми кеңесшісі білімгердің дайын болған диссертациялық жұмысына объективті баға беруі керек және оны диссертацияны ел алдында қорғау барысына дайындауы керек.

81. Магистрант/докторанттың ғылыми жетекшісі/кеңесшісі бағдарламаның сапасы мен қорытындысына, сондай-ақ ғылыми іс-тәжірибе базасын таңдауға, білімгердің зерттеу және кәсіби практикасына жауапты.

82. Магистранттар мен докторанттардың дайындығын жүзеге асыратын бітіртуші кафедра білімгерлердің зерттеу жұмыстарын теориялық және қосымша зерттеудің үлкен бағдарламасы аясында ұйымдастыруы керек және апробация үшін алынған қорытындының мүмкіндіктерін қамтамасыз етуі керек.

83. Бітіртуші кафедралар жиі өтіп тұратын ғылыми-практикалық семинар бағдарламаларын жүзеге асыруы керек, ол магистратура мен докторантура білімгерлерінің ғылыми бірлестік пен академиялық емес секторлардың өкілдері үшін өткізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын анықтайтын презентациялар.

84. Бітіртуші кафедралар магистратура/докторантура білімгерлерінің лабораторлық-техникалық және ақпараттық ресурстар мен зерттеу жұмыстарына жүргізілетін ағымдағы үздіксіз бақылауға қажетті зерттеу жұмыстарымен қамтамасыз етуге жауапты.

85. Магистратура/докторантура білімгерлерінің ғылыми-зерттеу/тәжірибе зерттеу жұмыстарын жоспарлау білім беру бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес семестр сайын жүзеге асады. Білімгерлердің әрбір академиялық кезеңінің соңында ғылыми жетекші/ғылыми кеңесшінің қатысуымен зерттеу жұмысының өту қорытындысына презентация ұсынылады.

86. Магистратура білімгерінің ғылыми-зерттеу/тәжірибе-зерттеу жұмыстары, тәжірибе-зерттеу жұмыстарынан басқа бірінші оқу жылының соңында курстық жұмыс жазу мен оны

қорғауды да міндетке алады, магистрлік диссертацияны жазу және қорғау екінші оқу жылында жүзеге асады.

87. Докторантурада оөитын білімгердің жұмысына ғылыми - зерттеу/ эксперименталды-зерттеулер енуі міндетті. Диссертацияға кіретін басты шарттар:

- Диссертациялық зерттеу жұмысы ағымдағы 6 оқу сестірінде жасалуы тиіс – 6 кредит;

- Диссертация бойынша ғылыми мақалалар жарық көруі керек – 14 кредит;

- Шет елдік ЖОО-да докторант ғылыми тәжірибеден өтуі керек – 8 кредит.

88. Курстық жұмыстың, курстық жобаның және докторлық диссертация жобасының құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар университеттің нормативті құжаттарына сәйкес анықталады.

89. Мемлекеттік білім беруге тапсырыс аясында магистратураның білім беру бағдарламасын меңгеру барысында алыс және жақын шетелдің алдыңғы қатарлы ЖОО-дан немесе үлкен зерттеу орталықтарына барып іс-тәжірибеден өтуге мүмкіндігі бар. Докторантура білімгерлеріне алыс және жақын шетелдің алдыңғы қатарлы әлемдік ғылыми орталығына немесе жоо-на (кем дегенде 2) барып іс-тәжірибеден өту міндеттелген. Шетелге шығып с-тәжірибеден өту бағдарламасы білімгердің ғылыми-зерттеу/тәжірибе-зерттеу жұмыстарының дайындығымен және жеке жоспарымен өңделеді және факультеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен нақтыланады. Іс-тәжірибемен шетелге шығу ұзақтығы және қаржыландыру нормативі ҚР ҒБМ нормативті құжаттарымен және шетелде оқушылар мен ППС университетінің іс-сапар тәртібі туралы Ережемен орнатылады.

90. Білімгерлер іс-тәжірибемен шетелге шығудың қорытындысы жөнінде бітіртуші кафедраның жиналысында есеп береді. Сондай-ақ білімгерлердің есебі факультеттің Ғылыми кеңесінің жиналысында да тыңдалады және ЖОО кейінгі білім беру Институтына жіберіледі.

91. Әрбір оқу жылының соңында бітіртуші кафедралар білімгерлердің іс-тәжірибемен шетелге шығуына және шетелдік ғылыми жетекші/кеңесшінің жұмысына қорытынды анализ жүргізеді және сол мәліметтердің аналитикалық мәліметтерін университеттің жоо кейінгі білім беру Институтына таныстырады.

92. Магистранттың зерттеу жұмысының қорытындысы кем дегенде 1 ғылыми-әдістемелік басылымда жариялануы керек, оның ішінде ғылыми мақалалар, алдыңғы патенттер (патенттер), баяндамалар, халықаралық, республикалық, аудандық конференциялардың баяндамалар тезисі, шолу ақпарат, аналитикалық шолу мен ақпараттар парағы да бар.

93. Докторанттың зерттеу жұмысының қорытындысы кем дегенде 7 ғылыми-әдістемелік басылымда жариялануы керек, оның ішінде:

- шетел ғылыми басылымдарында бір немесе бірнеше мақалалар, олар Thomson Reuters компаниясының ғылыми журналында осы деректер базасының нөлдік емес импакт-факторына немесе Scopus деректер базасына кіреді,

- отандық ғылыми-әдістемелік басылымда кем дегенде 3 мақала, олар білім және ғылым саласының бақылау Комитетімен (БҒСБК) ұсынылған;

- халықаралық ғылыми/әдістемелік конференцияларда кем дегенде 3 рет ел алдында сөйлеу, оның ішінде бір халықаралық конференцияда.

94. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми/әдістемелік мақалаларында қорғауға түсетін диссертациялық жұмыстың басты ережелері көрсетілуі керек.

95. Ғылыми есеп, ғылыми мақалалар мен диссертациялық жұмысқа дайындық кезінде плагиат жасаған немесе басқа зерттеушілердің тәжірибе-зерттеу жұмыстарының мәліметтерін рұқсатсыз қолданған жағдайда, сонымен бірге фальсифициланған мәліметтерді қолданған жағдайда магистратура/докторантура білімгерлері Дисциплинарлы комитеттің шешімі бойынша жоо кейінгі білім алу бағдарламасында қайта оқу құқығынан айырыла отырып университеттен қуылады.

### **3.6. ЖОО кейінгі кәсіби оқу бағдарламасында білім алушылардың іс-тәжірибесінің ұйымдастырылуы мен өтуі.**

96. Магистратура/докторантурада білім алушылардың іс-тәжірибесі жоғары квалификациялы мамандарды кәсіби дайындаудың басты компонентін құрайды. Іс-тәжірибе база болып табылатын ұйымдарда өткізіледі – мекемелерде, жоо-да, ғылыми-зерттеу институттарында, ұйымдарда және т.б.

97. PhD докторантура/магистратураға ғылыми-педагогикалық білім беру бағдарламасына, олардың практикасы, профильді магистратура/докторантураның зерттеу және кәсіби практикасы кіреді.

98. Кәсіби (өндірістік) іс-тәжірибе оқу барысында алған теориялық білімді бекіту және кәсіби біліктілік пен компетенцияда қалыптастыру, сондай-ақ берілген тәжірибені меңгеру мақсатында жүргізіледі.

99. Педагогикалық іс-тәжірибе жаңа білім алу, үйрену және жоғары білім беру жүйесінде сабақ беру әдістемесін істеп жаттығу мақсатында жүргізіледі. Педагогикалық іс-тәжірибе теориялық білім алу кезінде де оқу барысынан қол үзбей өткізіле береді.

100. Зерттеу және кәсіби (өндірістік) іс-тәжірибе білімгердің диссертациялық зерттеуінің тақырыбымен анықталады.

101. Магистратура/докторантурада оқу бағдарламасымен білім алушылардың іс-тәжірибесі мемлекеттік жалпыға ортақ білім беру стандартының бекітілген академиялық күнтізбесіне сәйкес жүргізіледі.

102. Білімгердің зерттеу және кәсіби (өндірістік) іс-тәжірибесі ұйымдар, мекемелер, орталықтар және ғылыми-зерттеу ұйымдары базасында келісімшарт негізінде жүзеге асады.

103. Іс-тәжірибеге оқу-әдістемелік басшылық етуді және оның орындалу сапасын бақылауды магистрант/докторант дайындықтан өткен бітіртуші кафедра жүзеге асырады.

104. Педагогикалық іс-тәжірибенің өтуі білім беру ұйымдары (колледж, жоо), соның ішінде ҚазҰУ факультеттері базасында жүзеге асады.

105. Бітіртуші кафедра іс-тәжірибеден өтушілерге қосымша дайындық жасайды.

106. Бітіртуші кафедралар докторантура мен магистратураның іс тәжірибелерінің, факультеттің ғылыми кеңесі бекітетін және тәжірибеленушілерді керекті оқу- әдістемелік құжатпен қамтамасыз ететін бағдарламасын жасайды.

107. Магистратурам мен докторантура үшін арнайы практикалық бағдарламаны бітіруші кафедра ұйымдастырады. Факультет ғалымдарының шешімі бойынша, оқу-әдістемелік құжаттар практикасымен қамтамасыз етіледі.

108. Факультет деканының бұйрығымен оқу орнынан практика жетекшісін және негізгі практиканың практика жетекшісі тағайындалады. Оқу орнынан тағайындалған жетекші тәжірибеден өтушілерге іс тәжірибе басталғанға дейін керекті дайындықты ұйымдастырады, тәжірибеленушілерге кеңес береді, тәжірибеленушілердің есебін тексереді, олардың жұмыстарына пікір береді және профильді кафедраның меңгерушісіне жазбаша түрде ескертулер мен ұсыныстары бар есеп береді.

109. Білімгерлердің зерттеу және кәсіби (өндірістік практика) практикаларында жиналған мағлұматтарға анализ жасалып, практика құжаттары бір жүйеге келтірілуі керек. Білім алушылардың есебі бітіртуші кафедра жиналысында тыңдалады және бекітіледі.

## **4. ЖОО кейінгі кәсіби оқу бағдарламасында білім алушылардың аралық және қорытынды аттестациясының ұйымдастырылуы және өткізілуі**

### **4.1. Магистранттар мен докторанттардың ағымдағы оқу аттестациясы және ғылыми зерттеу жұмыстары, тәжірибелері (практикалары)**

110. Ағымдағы аттестация – білімгердің кәсіби оқу бағдарламасы мен білім көлемін бағлау және оқу бағдарламасын меңгергендігіне зейін сала отырып, ғылыми-зерттеу/эксперименталды-тәжірибесі мен кәсіби тәжірибесін бақылау болып табылады.

111. Академиялық үлгерімнің аттестациялық түрлері – ағымдағы бақылау, аралық бақылау, аралық аттестация, қорытынды аттестация.

112. Магистратура мен докторантурада білім алушылардың ағымдағы бақылау үлгерімі – магистрант пен докторанттың оқу жетістігінің системалық тексерісі

113. Аралық бақылау – академиялық кезеңнің ортасында және соңында іске асып, барысында дисциплинаны оқып, білім алушылардың оқу үлгерімін тексереді оған ағымдағы бақылаудың қорытындысы және аралық бақылаудың қорытындысы кіреді.

114. Магистратура мен докторантурада оқитындардың аралық аттестация үлгерімі – білім алушылардың бітіргеннен кейінгі экзамен түрінде оқу дисциплинасын меңгеру сапасын бағалау мақсатындағы үдеріс.

115. Магистранттар мен докторанттардың оқу жұмысының аттестациясы төмендегідей негізде орындалады:

- Мемлекеттік жалпы міндетті стандарт бойынша бекітілген стандарт бойыншы теориялық оқу бойыншы кредит санын жинамаған білім алушы, ақылы түрде оқиды ;

- Білімнің соңғы бағалануы магистранттың аралық аттестациядағы қорытындысымен белгіленеді;

- Егер аралық аттестацияның қорытындысы бойынша магистрант немесе докторант барлық пән бойыншы кредит жнамаса, ол дисциплинаны ақылы түрде қайта оқуға құқығы бар.

116. Әр оқу дисциплинасы бойынша соңғы бақылаудың формасы мен тәртібі, сондай ақ ауыстырудың ең кіші баллы (GPA) айлық мерзімде, факультеттің кеңесінің шешімімен белгіленеді

117. Соңғы бақылау мерзімінің ұзақтығы – экзаменді сессия- және экзамендердердің саны білім беру программасының және академиялық календардың бекітілген оқу планының сәйкестігімен анықталады. Экзамен сессиясының ұйымдастырылуы мен өтуі деканаттың және тіркеу офисінің мойнында. Емтихан кестесі ЖОО нан кейінгі институт келісімімен, оқу – ісі проректоры бекітеді және білім алушылармен білім берушілерге соңғы бақылаудың басталуына екі апта қалғанға дейін белгілі болады.

118. Магистратура мен докторантурада оқитындардың академиялық үлгерімінің аттестациясы ағымдағы аттестацияның типтік ережелерінің сәйкестігімен орындалады. Емтихан сессиясына кіру рұқсаттамасы факультет деканының қолымен, білім алушының аты, тегі, әкесінің аты, курсы, мамандығы және академиялық тобы көрсетілі, бекітіледі.

119. Бекітілген GPA баллын жинамаған білім алушы, келесі жылға қайта оқуға қалады. Келесі жылы қайта оқуға қалған білім алушы бұрын қалыптасқан жеке оқу планы бойынша оқуға құқылы немесе жаңа оқу планын жасауға болады.

120. Ауысуға келетін балл жинаған және келесі оқу курсына ауыстырылған білім алушы, академиялық қарызы болса сол дисциплинана ақылы түрде қайта оқиды.

121. Білім беру бағдарламаларында оқитын білім алушы – мемлекеттік білім гранты иегерлері, келесі оқу жылына қалдырылса, мемлекеттік білім грантынан айырылады да алдағы оқуын ары қарай ақылы түрде оқып жалғастырады.

122. Білім беру бағдарламаларында оқитын білім алушы – мемлекеттік білім гранты иегерлері, келесі оқу жылына өтіп, академиялық қарызы болса, гранттан айырылмай, сол дисциплинаны ақылы түрде қайта оқып, емтихан тапсыру керек.

123. Білім алушының дисциплинаны ақылы түрде қайта оқуы белгіленген мерзімнен кейін орындалады.

124. Білім алушының практикадан кейін алған бағасы теориялық білімнің бағасымен теңеседі, жалпы GPA саны есептеліп, білім алушының келесі білім алу курсына өтуге есептеледі.

125. Тәжірибеден өтушінің қорытынды бағасы есеп беруінің қорытындысы және іс – тәжірибе жетекшісінің тәжірибеден өтушіге берген мінездемесі бойынша қойылады. Брактика бағасын апелляцияға беруге немесе қайта қарауға болмайды.

126.Кешірімді себепсіз іс- тәжірибеге келмей,соңында «F» бағасын алған білім алушы келесі академиялық мерзімде оны ақылы түрде қайта өтуге тйісті.

127.Кешірімді себептермен қорытынды бағасы «D» болған білім алушы,кафедра меңгерушісі, ғылыми жетекші, оқуорнының кеңесшісі және жетекшісі қолдаған, факультет деканының атына өтініш жазып, практиканы келесі академиялық кезеңде тегін қайта өтуге рұқсат алады.

128.Магистратура және докторантурада бағдарламаларында білім алатындардың ғылыми-зерттеу/тәжірибелі-зерттеу жұмыстарының ағымдағы бақылауын магистранттың ғылыми жетекшісі/ докторанттың кеңес коиссиясы орындайды. НИР/ЭИР қорытындылары баға қойу үшін әрбір семестр соңында есеп түрінде орындалады. Нақты акдемиялық кезедегі НИР/ЭИР орындауға қалдырылған кредит саны кәсіби оқу программасының оқу жоспарымен анықталады.

129.Ағымдағы бақылауға баға қоюда ғылыми жетекші және кеңес комиссиясы келесі қажеттіліктерді бағалайды:

а) тәжірибе- зерттеу жұмысының сапасы;

б) ғылыми/әдістемелік семинарларға қатысуының саны мен сапасы;

в) НИР/ЭИР тақырыбына жазылған ғылыми/әдістемелік публикациясының саны мен сапасы.

130.НИР/ЭИР соңғы бақылауы курстық жұмыстың, курстық проектті, докторлық диссертация проектiсiн т.б қорғау түрінде өтеді. НИР/ЭИР ды орындауда баға қоюда келесі қажеттіліктер бағаланады:

а) зерттеліп отырған мәселенің әдебетті толық қамтуы;

б) зерттеу әдісін таңдау адекваттылығы;

г) ториялық анализдың тереңдігі және алынған мәліметтің өңделуінің адекваттылығы;

д) презентация сапасы.

131.НИР/ЭИР соңғы бағасын апелляцияға және қайта қарауға беруге болмайды.

132.Докторанттар ЖОО нан кейінгі Институтқа НИР/ЭИР ды орындауларының әр семестрлік есебінің көшірмесін , сондай- ақ кеңес комиссиясының жүшесі және факультет декана қолдаған ғылыми жұмыстың дайын есебін береді.

#### **4.2. Магистрант және докторанттардың қорытынды аттестациясы**

133. Білім алушылардың қорытынды аттестациясы – магистрант/докторанттың оқу жетістіктеренің, олардың алған білімдерін, мемлекеттік білім беру стандарттарына сай тәжірибелерін анықтауға бағытталған мемлекеттік бақылауының формасы.

134.Білім алушылардың мемлекеттік қорытынды аттестациясы, академиялық күнтізбеде және оқу жоспарында қарастырылған, құрамында мамандық бойынша кешенді емтиханды тапсыру және диссертацияны қорғауы бар мерзімде өткізіледі.

135.Магистранура/докторантураға кешенді емтиғанды қабылдау және магистранттық диссертацияны қорғауды Мемлекеттік аттестация комиссиясы орындайды. МАК төрағасы білім облысындағы ҚР мүдделі органы болып табылады.

136.Магистратура және докторантура бағдарламаларының төраға кандидатуралары және МАК мүшелері ЖОО нан кейінгі институтқа ағымдағы жылдың 15 қазанына дейін таныстырылады. МАК мүшелерінде, бітіруші мамандарға сәйкес профилі, ғылыми немесе академиялық дәрежесі болуы керек.

137.МАК мүшесі ректар университеті бұйрығымен 31 желтоқсанға дейін белгіленуі керек және күнтізбелі жыл бойы орындалуы керек.

138.Магистранттар мен докторанттардың қорытынды аттестацияға қатысу рұқсаты факультет деканы ұсынған, университет ректорының бұйрығымен, қорытынды аттестация басталуына екі апта қалғанға дейін орындалады және мемлекеттік аттестация комиссиясына ұсынылады.

139.Кешенді емтихан бағдарламасын, оның өтуінің формасын және тапсырма мазмұнын бітіртуші кафедра, магистратура/докторантура дисциплинасының оқу программасы негізінде жасайды.

140. Магистратурада білім алушылардың кешенді емтиханы магистрлық диссертация қорғауға 1 ай қалғанға дейін өткізіледі, докторантурада білім алушылардыкі докторлық диссертацияны қорғауға 3 ай қалғанға дейін орындалады. ИГА өтуінің графигі университет ректорымен бекітіледі

141. Кешенді емтиханды кемінде 4 адамдан тұратын МАК қабылдайды, Олардың ішінде магистрант/докторант ғылыми атағы бар комиссия мүшелері отырады.

142.Кешенді емтихан қорытындысы әр білім алушыға жеке толтырылатын, ортатылған форма протоколымен бекітіледі.

143.Бағаны жоғарғы бағаға жоғарылату үшін кешенді емтиханды қайта тапсыруға рұқсат жоқ.

144.Кешенді емтихан бағасымен келіспейтін білім алушы, емтиханнан кейінгі жұмыс күнінен кешікпей апелляцияға бере алады. Апелляцияны қарауға ректор бұйрығымен 5 адамнан тұратын комиссия құралады. Апелляция комиссиясы жұмысының қорытындысы протоколмен бекітіледі

145.«Қанағаттанарлық» баға алғандарға, қорытынды аттестация кезінде, кешенді тестілеуді қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

146.Кешенді емтиханнан қанағаттанбайтын баға алған магистрант/докторант, білім беру мекемесінен шығарылады.

147.Кешірімді себептермен кешенді емтиханға келмеген магистрант/докторант МАК төрағасы атына өтініш жазады, экзаменге қатыспау себебінің анықтама құжатын көрсетеді және төрағаның рұқсатымен емтиханды осы комиссия отырысының басқа күнінде тапсыра алады.

148.Кешенді емтиханнан жақсы баға алған магистрант/докторант, диссертациялық жұмысын қорғауға рұқсат алады. Магистрлік және докторлық диссертацияны қорғауға жіберу рұқсаты университет ректорының бұйрығымен, диссертация қорғауға екі апта қалғанға дейін орындалады.

149.МАК қа дейін магистрлік диссертациялар алдын ала қорғаудан өту керек және бітіртуші кафедраның тексерісінен өту керек.

150.Магистрлік диссертацияны қорғау МАК тың кемінде 2/3мүшесі бар ашық отырысында өткізіледі. Қорғауға бір күнде кемінде 6-8 диссертациялық жұмыс өткізіледі.

151.Магистрлік диссертацияны қорғау орындалады:

- ғылыми жетекшінің жақсы пікірі;
- диссертация тақырыбы бойыншы ғылыми баспаларда кемінде бір мақала немесе мемлекеттік, халықаралық ғылыми конференцияларға қатысуы;
- бітіртуші кафедра отырысының қорғауға сипаттамасының протокол көшірмесі;
- диссертация жұмысының жан - жақты мінездемесін қамтитын рецензия және магистрдың академиялық дәрежесіне үкім шығару мүмкіндіктері туралы аргументтер.

152.Ғылыми жетекшіден және\немесе кафедрадан аяқталған диссертациялық жұмысқа жағымсыз пікір алған магистранттар қорғауға жіберілмейді.

153. Магистрлік диссертацияны ел алдында қорғау ғылыми дискуссия түрінде өтуі қажет, дискуссия түрінде және жоғарғы талапта, ғылыми этика сақталып өтілуі қажет. Мемлекеттік аттестация комиссиясы диссертация объективтілігіне және диссертация критерийларының орындалуына жауапты.

154.Магистрлік диссертация қорғаудың қорытындысы нақты форма протоколымен рәсімделеді. Гак отырысының барлық протоколдаоы нөмірленген , бауланған және ГАК жұмысының басталуына дейін , әр формада жеке кітап болп қыстырылуы қажет. Протоколты ГАК хатшысы толтырады және мемлекеттік аттестация комиисиясы және төрағасы қол қояды. ГАК жұмысы аяқталғаннан кейін барлық хаттамалар орнатылған тәртіпте сақталуға ЖОО архивіне жіберіледі.

155. Магистранттардың қорытынды аттестациясы аяқталғаннан соң ГАК төрағасы ИГА қорытындысы туралы есеп дайындайды және екі аптада университет ректорына тапсырады.

156. Қорытынды мемлекеттік аттестациядан өтіп, магистратураның кәсіби ғылыми программасын меңгергенін дәлелдеген магистрантқа, ГАК академиялық магистрлік санаты беріледі.

157. Магистранттардың дипломының дұрыс толтырылуы факультет деканының, университеттің және ЖОО нан кейінгі институттың тіркеу регистрациясы жауапты.

158. Докторанттардың диссертация жұмысы қорғалыны өтуінің бақылауы және жалпы ұйымдастырылуы сондай ақ диссертация жұмысының мониторингін университеттің ғылыми кадрлар аттестациясы және дайындық бөлімі орындайды.

159. Докторлық диссертация қорғау диссертация кеңесі отырысында орындалады. Қорғауға күніне 4 диссертациялық жұмыстан көп диссертация қорғалмайды.

160. Философия ғылымдары докторы (Ph.D.) дәрежесінің диссертациялық жұмысы бітіртуші кафедрада алдын ала экспертизадан өтуі қажет.

161. Докторлық диссертация қорғау:

– ғылыми кеңесшілердің жағымды пікірлері;

– кем дегенде 7 ғылыми мақала, онымен қоса ҚР ҒБМ ККСОН кеңес беруімен диссертация тақырыбына сай ғылыми басылымдарда 3 мақалала, Thomson Reuters компаниясының ғылыми журналында осы деректер базасының нөлдік емес импакт-факторына немесе Scopus деректер базасы бар халықаралық ғылыми журналда 1 мақала, халықаралық ғылыми конференциялар мәліметтерінде 3 мақала, онымен қоса шетел конференция мәліметтерінде 1 мақала;

- бітіртуші кафедра жиналысының хаттамасынан қорғау туралы кеңестерді жазып алу;

- ғылыми кеңесшілердің жақсы пікірі;

- кемінде 7 ғылыми мақала, оның ішінде 3 мақала диссертация тақырыбында ғылыми баспаларда, 1 мақала халықаралық ғылыми (ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters) журналда, 3 мақала халық аралық ғылыми конференцияда, оның ішінде 1 мақала шет елдік конференцияда жариялануы

- Бітіртуші кафедра отырысы протоколынан қорғауға рұқсат беру құжаты

- 2 ғылыми рецензенттің, 2 рецензиясы болуы – тиіс.

162. Ғылыми кеңесшіден жағымсыз пікір алған докторант диссертация қорғауға жіберілмейді.

163. Докторлық диссертация қорғалуының қорытындысы стенограммамен рәсімдереді. Докторлық диссертация қорғалуының қорытындысы бойынша, диссертация кеңесі екі шешімнің бірін қабылдайды:

- докторантқа философия ғылымы докторы дәрежесін беру;

- докторантқа философия ғылымы дәрежесін бермеу.

164. Философия докторы немесе профиль докторы ғылыми атағы тағайындалған жағдайда, диссертация кеңесінің ғылыми хатшысы докторанттың ортатылған фомадағы докторлық диссертация қорғау туралы жеке жұмысын қалыптыстырады. Ол камитетке, қорғалған сәттен 30 күнтізбелі күнге дейін камитетке жіберілуі қажет.

165. Доктораттар докторлық жұмыстарын сәтті қорғағаннан кейін, 5 жұмыс күнінің ішінде, «Ғылыми техника ақпараттарының ғылыми орталығына» диссертацияның 1 көшірмесін және 2 көшірмесін мемлекеттік тіркеуге таныстыруы қажет.

166. Докторанттардың аттестациялық жұмысын қарастыру комитетте тіркелген күннен бастап, 4 ай ішінде қарастырылады.

167. Тағайындау ережесіне сай, ғылыми дәрежені комитет орнатады.

168. Философия докторы ғылымы немесе профиль докторы атағы тағайындалғандарға, мемлекеттік үлгідегі дипломдар беріледі

## **5. Магистратура және докторантура кәсіби оқу бағдарламаларының құқықтары мен міндеттері.**

169. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранттары мен докторанттарының ҚР «білім туралы», «ғылым туралы» заңының анықтамасы бойынша құқықтары мен міндеттері бар.

170. Магистранттар мен докторанттар жеке жоспарда қарастырылған барлық жұмыстарды уақытылы және сапалы істеуге міндетті.

171. Магистранттар мен докторанттар:

- Әр жұмыс кезеңінің соңында барлық қажетті жасбаша мәліметтерді уақытылы өткізуге;

- Өздерінің ғылыми жетекшілерінен алған ескертулер жазбасын енгізуге;

- Орнатылған есеп тапсыру ерзімін сақтауға;

- Университеттің административті бөлімшелеріне тегінің, мекен-жайының, контактілерінің өзгерулерін уақылы хабардар етуге;

- Ғылыми жетекшіге, кеңесшіге, эдвайзерге пайда болған келеңсіз мәселелерді уақытылы айтуға – міндетті.

- Берілген мерзім ішінде магистрілік\докторлық диссертацияны жазып бітіруге;

172. Кадрларды дайындау мақсаты аясында мемлекеттік білім беру тапсырысымен түскен магистранттар мен докторанттар өз кезегінде үш жақты келісімшарт дайындап, оның талаптарын орындауы керек.

173. Магистранттар мен докторанттар ғылыми жетекші, кеңесші таңдауда және басқа да қиындықтарды шешуде эдвайзерден көмек сұрауына болады.

174. Магистрант-докторант пен оның ғылыми жетекші-кеңесшілерінің арасында түсініспеушілік туындаған жағдайда магистрант-докторант даулы мәселелерді шешу үшін келісім комиссиясынан көмек сұрауына болады. Қажет болған жағдайда Ғылыми кеңес ғылыми жетекші-кеңесшіні алып тастап, магистрант-докторантқа жаңа ғылыми жетекші-кеңесші тағайындау туралы шешім шығара алады.

175. Магистрілік және докторлық білім беру бағдарламасының жүзеге асу барысында туындаған барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарымен шешіледі.

176. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранттары мен докторанттарының Заңда көрсетілмеген басқа да құқықтары мен міндеттері ҚР нормативтік құқықтық актісімен жүзеге асады.